

Ж.Ә. Аймұхамбет



*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан*  
(E-mail: a\_zhanat@mail.ru)

## XX ғасыр басындағы қазақ ауылы тағдырының поэзиядағы көрінісі (Есенғали Раушанов поэзиясы мысалында)

**Аңдатпа.** Кеңестік саясаттың кесірінен қазақ халқы салдары ғасырға жалғасқан үлкен трагедияға тап болғаны аян. XX ғасырдың бас кезінде қазақ ұлтының көзі ашық, алдыңғы қатарлы азаматтарын «халық жауы» деген жалған, дәйексіз жаламен жазалаған, қазақ даласын үркіншілікке ұшыратқан кеңес билігінің содыр саясаты халық санасында өшпестей болып таңбаланып қалды. Ел тарихындағы осындай қасіретті кезең көркем әдебиет туындыларына үздіксіз арқау болып келеді. Бұл тақырыпта роман, повесть, поэма, драмалық туындылар жазылды. Сондай туындылардың қатарында қазақтың классик ақыны Есенғали Раушанов поэзиясын атауға болады. Мақалада ақынның туындылары нысанға алынып, «Қазақ ауылы» атты цикл өлеңі мен «Аспанға көшіп кеткен ел» поэмасындағы XX ғасыр басындағы қазақ ауылы тағдырының суреттелуі зерделенді. Ақын поэзиясында қазақ елінің осы қасіретті кезеңдегі тағдыры қалай бейнеленді, елдің мұңы мен қайғысын ақын қалай танытты деген сауалдарға талдаулар арқылы жауап берілді. Ақ әскер мен қызыл әскердің талауы мен содырлығына кезек ұшыраған қазақ ауылының ауыр халі тарихи шындық пен көркем шындық үйлесімінде қарастырылды. Тақырыпты зерделеу мақсатында, салыстыру, даралау және жинақтау әдістері қолданылды. Зерттеу талабына сәйкес тиісінше ой тұжырымдалып, қорытындылар жасалды.

**Түйін сөздер:** тарихи шындық, «ақ» пен «қызыл», кеңестік идеология, қазақ ауылы, халық тағдыры, бейнелеу.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-149-4-132-143>

Түсті: 16.10.2024; Жөнделді: 20.11.2024; Мақұлданды: 02.12.2024; Онлайн қолжетімді: 28.12.2024

### Кіріспе

XX ғасыр қазақ халқының тарихында қасіретті ізін қалдырған ауыр кезең – ашаршылық пен сталиндік қуғын-сүргін екені белгілі. Тек қазақ қана емес, сол кезде «КСРО» деген бір жүйеге күшпен біріктірілген басқа да халықтардың басынан кешірген азапты кезең ақиқаты көптеген әдеби-көркем туынды оқиғаларының өзегіне алынды.

«Кеңестік идеология» адамзат тарихында қуғындау, жазықсыз жала жабу, «халық жауы» деген желеумен елге тұлға боларлық қайраткерлерді абақтыға қамау, жазалау, ату сияқты айрықша қатыгездігімен есте қалды. 1917 жылдан 1991 жылға дейін өмір сүрген Кеңес өкіметі адамзат тарихындағы қасіретті кезеңнің, атап айтқанда, 1928-32 жылдардағы аштық, 1937-38 жылдардағы жаппай қуғындау саясатының себепкері болды. Қоғамдық санадағы бұл негативті сипат көркемдік санада түрлі бейнелеулермен орын алды.

Кеңестік саясат қысымы, ашаршылық зобалаңы, сталиндік репрессия көркем әдебиетке түрлі тәсілмен арқау болды. Бұл тақырыпқа қалам тартушы авторлардың репрессияға өздері немесе әкесі, туыстары ұшыраған. Кеңестік идеологияның «асыра сілтеген» шоқпарынан соққы алған қаламгерлер қоғамның саяси-әлеуметтік шындығын роман, повесть, әңгіме, поэма, циклды өлеңдерге түрлі тәсілдермен арқау ете отырып, халық тағдырын көркем тілмен бейнелеп жеткізді. Хамза Есенжановтың 1970 жылы жазылған «Жүнісовтер трагедиясы» [1] романында қаламгер өзі көріп, басынан кешірген қасіретті шақтарды арқау ете отырып күллі халық басындағы трагедияны шынайы бейнелейді. Бұл романда 1932 жылғы аштық, 1937-38 жылдардағы сталиндік репрессия суреттелген. Бір әулет, яғни Жүніс қажы әулетінің шаңырағына үйірілген зұлмат арқылы күллі қазақ халқының басындағы қасіретті танытуда автор шынайы оқиғаларды арқау еткен. Алайда, романның жарық көруіне тыйым салынып, кейіннен толық емес қалпында баспадан шықты. Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» мемуарлық эссе-романында жазықсыз «халық жауы» атанып, туған жеріне, отбасынан амалсыз ажырап, ақыры жат жерде қаза болған әке тағдыры арқылы қасіретті заман шындығы суреттеледі [2]. Жалпы ұлттық трагедияның кең панорамадағы бір көрінісі Төлен Әбдіктің «Тұғыр мен ғұмыр» [3, 65-139] повесіне тән. Смағұл Елубайдың «Ақ боз үй», «Мінәжат», «Қайран дүние» [4] атты романдары тұтастай трилогия ретінде кеңес өкіметі орнаған күннен құлаған уақытына дейінгі аралықта адам баласына қандай зобалаң орнатқанын суреттеген. Ақын Есенғали Раушановтың «Қазақ ауылы», «Әкемнің өлеңі», «Полемика. 1988» [5] өлеңдері мен «Аспанға көшіп кеткен ел» [6] микро-поэмасында да белгілі дәрежеде өмірбаяндық деректер орын алған.

Е.Қуандық: «Сталиндік тоталитарлық модельдің Кеңестер Одағында билік құруы ондағы халықтарды қорқытып-үркітіп, үрейлендіріп, ұлттардың табиғи бейнесін жоюға тырысқан казармалық социализмді өмірге әкелді» [7, 4], – деп жазады «Қазақстандағы «Кіші октябрь қасіреті» еңбегінде.

Қазақтың классик ақыны Есенғали Раушановтың туындылары «ақ қашып, қызыл қуған» заманның дүрбелеңін айналып өтпейді. Ұлт ақыны ретінде елінің тарихын көркем суреттеген ол сайын даланы мекендеген қазақ халқының бастан кешкен тағдырын көрсетеді. Кеңестік идеология өз саясатын соншалық мінсіз етіп көрсетіп, көркем әдебиетте «социалистік өмір салты көрініс табуы тиіс» деген критериймен «таптық, партиялық принципті» күштеп бекітіп бергені белгілі. Сондықтан да сол өкіметті құрған «қызыл әскер», яғни «қызылдар» бірыңғай идеализацияланып, бар жамандық, зұлымдық патшаның «ақ әскеріне» таңылды. Ақиқатында, қазақ халқына, маң даланы жайлаған қазақтың берекелі ауылдарына зобалаң тудырған «ақтар» (ақ әскер) ғана емес, «қызылдар» да (қызыл әскер) болатын. 1918 жылы ақ гвардияшылар мен қызыл әскерлер арасындағы соғыстың күллі ауыртпалығын, қасіретін қазақ ауылы көрді. Е.Раушановтың үш бөлімнен тұратын «Қазақ ауылы» сюжетті өлеңі мен «Аспанға көшіп кеткен ел» поэмасына осы ақиқат арқау болған.

XVIII ғасырдағы тұтқиылдан қалмақ шапқан, қазақ жұртынан ауа көшкен «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдарының зарлы әні «Елім-ай» еді. Сол «Елім-ай» әнінің «Қаратаудың басынан көш келеді» деп басталатын жолынан-ақ бұл қаралы көш екені аңғарылады. Есенғали Раушановтың «Аспанға көшіп кеткен ел» микропоэмасында да көштің өзіндік мәні бар. Бұл да қаралы көш. Атажұртты тастап, амалсыз ірге көтерген бір ауылдың шеккен қасіреті мен көрген құқайы атажұртынан амалсыз ажыраған ел тағдырын танытады. Қазақ халқы негізінен көшпенділікпен ғұмыр кешкен ел. Сән-салтанатымен қыстаудан жайлауға бет алған көштің жөні бір бөлек, жау шапқыншылығына немесе қанқұйлы әскердің қылышына туралмау үшін, әдейі ұйымдастырылған ашаршылықтан, қолындағы бар мүлкін тартып алған кеңес саясатынан қашып, атажұртты тастап, амалсыз үдере көшудің жөні бір бөлек.

Біз бұл мақалада негізінен Есенғали Раушановтың шығармашылығына тоқталып, кеңес өкіметінің қарулы жасағы – қызыл әскердің, яғни большевиктердің момын халықты

аяусыз қырып-жойған қанқұйлы жауыздығын шынайы оқиғалар арқылы көрсеткен туындыларын қарастырамыз.

### **Зерттеу материалдары мен әдістері**

Бұл мақаланы жазуда тақырыпқа сәйкес Есенғали Раушановтың «Аспанға көшіп кеткен ел» микро-поэмасы мен «Қазақ ауылы», «Біздің ауыл» атты цикл өлеңдері нысанына алынды. Кеңестік қуғын сүргін оқиғасына қатысты зерттеу, танымдық еңбектер мәтіндік талдауларға ақпараттық дәйектеме ретінде ұсынылып, туындылардың тарихи негізі зерделенді. Талдау, жинақтау, интерпретация, индуктивті-дедуктивті, мәдени-тарихи, герменевтикалық, мифопоэтикалық талдау әдістері арқылы тұжырымдар жасалды.

### **Қазақ ауылындағы «ақ» пен «қызыл» ойранының бейнеленуі.**

XX ғасырдың басындағы большевиктердің адамдықтың шегінен шыққан жауыздықтары қарапайым қазақ халқын тағы бір апатқа әкелді. Патшалық Ресейдің қанды қылышын Кеңестік өкіметтің содыр саясатын алмастырды. Тарихи деректердің кейбіріне жүгінсек, Алашорданың Жетісу бөлімінің бастығы Ы.Жайнақовтың Ә.Бөкейхановқа 1918 жылдың 19-шілдесінде жолданған жеделхатында большевиктердің Жетісу қазақтарына көрсетіп жатқан зорлықтары туралы жазылған. Бұл жеделхат мәтіні «Сарыарқа» газетінің 1918 жылғы №47 санында жарияланған [8, 34]. Осы 1918 жылы 30-шілдеде большевиктерге қарсы күресуге шақырған «Аттан, Алаш азаматы» атты мақала жарық көреді. Осы мақалада: «Большевик малыңа қожа, басыңа би, жаныңа жазалаушы болды. Оқыған адамдарыңды мылтығымен атқанда өлмей қалса, қылышымен қырыққа тіліп, қарнын жарып, көзін ойды... Жауың кім? –Жауың большевик», – деп жазылған [9, 61].

Әуелде патшаның билігінен құтқарды деп қуана қарсы алған қызыл әскер шындап келгенде бодандықтың қамытын басқаша кигізуді мақсат еткен еді. Бұл келтірілген бір мәліметтің өзі большевиктік биліктің халықты қалай ашындырғанының дәлелі.

Е.Раушановтың «Қазақ ауылы» өлеңі «Сәскеде», «Кешке», «Азанда» деген үш бөлімнен тұрады. Өлеңте эпиграф ретінде ел аузындағы «Ақ қашып, қызыл қуған заманым-ай // Заманның таба алмадық амалын-ай» деген өлең жолдары алынған. Аталған үш бөлімнің біріншісінде қазақ ауылына тұтқиылдан тиіп, лаң салған ақ әскердің іс-әрекеті баяндалады. Бастапқы үш шумақта ақ пен қызыл туралы ауыл үлкендерінің өзара диалогы берілген. Қарапайым қазақтар үшін ақ пен қызыл майданы түсініксіз болды. Екі әскердің қайсысын жақтарын білмеді. Өлеңнің «Сәскеде» бөлімінің алғашқы жоларында осы жайт суреттелген:

Ыспа құм ысылдаған төңірегі,  
Біздің ел сырт хабардан не біледі?  
– Ағы кім?  
– Қызылы кім?  
– Ит біліп пе?

Әйтеуір қазақ емес көрінеді [5, 234]

Ақын дүрбелең заманның қалпын табиғат құбылыстары арқылы жанама бейнелеп өтеді:

Иен дала, шет-шегі жоқ паң көсіліп,  
Сәріден жел айқайға салды есіріп.  
Көз жұмды шықпай жатып сәби күн де  
Құм жатыр есік алды мәңгі есіліп.

Айқайға салған жел, шықпай жатын «көз жұмған» күн суреттеулері арқылы ақын уақыт шындығын аңғартады. Құм ішінде отырған бейғам ауылдың алда көрер құқайы:

Селеудің кімді күтіп сарғайды өңі,  
Ителгі үркіп ұшты самғай бері.  
Ит үрді, қой маңырап, түйе боздап,

Кепкен шал қырға қарап «Алла-ай» деді [5, 234], –

деген жолдармен беріледі. Қыр жақтан құйылып келіп, адам мен малға аш бөрідей

тиген аттылар әрекеті ауылды азан-қазан етеді. Бұл – ақтың әскері салған лаң. Өлеңдегі әкіреңдеп келген атаманның би мен бәйбішеге, кәрі мен жасқа тиген соққысы, ақ әскердің ауылға салған сойқаны, айдауда кеткен жылқы – қазақ көрген сұмдықтың бір үзігі ғана. Кеуделеріне кек тұнып, шарасыз есенгіреп қалған ауыл жұртының көкейіндегі:

Болғанда ағы мұндай бұл итіңнің

Қызылы қандай болмақ, Тәңірім-ай?.. [5, 234] –

деген сауалға жауап өлеңнің «Кешке» деген бөлімінде беріледі. Бұл бөлім ақынның шумақты сәл өзгерте қайталауымен басталады.

Селеудің кімді күтіп сарғайды өңі,

Ителгі үркіп ұшты самғай бері.

Ит үрді шабаланып.

Бұл не тағы?

Кепкен шал қырға қарап «Алла-ай» деді [5, 236].

Адыраңдап, сойқан сала келген ақ әскерден бұлардың қалпы әуелгіде бөлек көрінеді:

Айт-айтпа, бәрі дағы Хақтың ісі,

Басылды бір дүрлігіп сақ құм іші.

Жүрісі «жау емеспіз» дегенді айтып,

Көрінді қырық қаралы атты кісі [5, 236].

Осылай сыпайы келген қызыл әскерді қонақжай ауыл құрметтеп күтіп алады. Ауыл адамдарының ақ пейілімен ұсынған дәмі, жайған дастарханы қызыл командирдің мейірімін оятпай, керісінше күдігін күшейтеді. Сөйтіп олардың шынайы бет-бейнесі ашылады. Қызыл командир: «Питерде пролетариат ашығып жатқанда бұлардың мұншама молшылықта отырғаны тегін емес. Бұл – ақ бандының апаны», – деп, алдындағы шұбатты ақтарып тастап атып тұрады. Әскеріне бұйрық беріп, ауылды ойрандайды. Содыр әскердің зорлығына ұшыраған бейкүнә бойжеткен, ойыннан қалған бала-шаға, шарасыз кіжінген бозбала бұл бөлімнің негізгі оқиғасын түзеді.

Өлеңнің «Азаңда» атты үшінші бөлімінде бебеулеген жел, қаны қашып шыққан күн арқылы ауылдың қасіретті халі айғақталады. Ақынның үш бөлімде де қайталана көрінетін тұрақты кейіпкері – «кепкен» шал, яғни қарт адам. Жаралы да қаралы ауылдың халі:

Ақсаңдап ауыл тұрды кепкен шал боп,

Басына айғыр заман тепкен шал боп [5, 238], –

деген жолдармен бейнеленген. «Ақ қашып, қызыл қуған» заманның қазақ ауылына әкелген зобалаңын көрсетуде «айғыр заман» айқындауы маңызды орынға ие. Қазақ ауылының халі «ақсаңдап тұрған, басына айғыр заман тепкен кепкен шал» бейнесінде көрінсе, бұл заманның қазақ үшін қаншалықты қасірет әкелгенін еш баяндаусыз-ақ ұғуға болады. «Қолымызға біреуі түссе» деп кіжінген ауыл адамдары кепкен шалдың «аттаңдаған» дауысынан далаға шығады. Сөйтіп ұйықтап қалып қойған бір солдатты басына қап кигізіп аямай соққының астына алады. Сөйтсе ол:

Қой баққан қоңсы ауылдың сорлысы екен,

Отряд «жол көрсет» деп қосып алған [5, 236].

Бұл өлеңнің оқиғасы ақ әскер мен қызыл әскердің күллі қазақ ауылына көрсеткен азабы мен жауыздығын барынша шынайылықпен жеткізген. Халыққа «жанашыр» болып, ақын суреттегендей «жау емеспіз» деген алдамшы қалпымен келіп, ауылды қанға бөктіріп кеткен қызыл әскердің шынайы пиғылы мен болмысы осындай еді.

Қызыл әскерді қаруы етіп ұстаған кеңес саясаты шын мәнінде халықты жақтаған емес. Ол патшалық Ресей саясатының барынша бүркемеленген заңды жалғасы еді. Қазақ ұлтының ұлы тұлғаларының бірі Мұстафа Шоқай айтқандай: «Орыс пролетариатының езгісі – Түркістан халқының көз жасы мен қанына малынған темір құрсау» болды [10, 131-133].

Е.Раушановтың ақ пен қызыл тынымсыз соғысқан дүрбелең кезеңнің бір оқиғасын арқау еткен «Аспанға көшіп кеткен ел» микро-поэмасының мазмұны мифтік-аңыздық сипатта. Ақын аласапыран кезеңнің шындығы мен аңыздық оқиғаны қабыстырады. Бұл көркемдік

тәсіл, асылы, халықтың рухани бітім- болмысын замана аясында тұтас сипатымен таныту мақсатынан туған ізденіс нәтижесі болар. Ұйқасы мен мазмұнының қиюласуында мін жоқ қара өлеңнің төгілген ырғағымен суреттелген оқиға халық қасіретін көз алдымызға әкеледі. Қара өлеңге мұң шаққан ақын халықпен жан-жүрегі бір тұлғаға айналған:

Қара өлең, сен де кәрі, мен де кәрі,  
Мағлұм-дүр сырымыздың елге бәрі.  
Дариға ай, не басталмақ, мен білмеймін,  
Екеуміз опат болған жерден әрі.

Қара өлең, сен де ескірдің, мен де ескірдім,  
Ескіріп, кебін кидік өлмес құлдың.  
Бұл, бәлкім соңғы дастан біз жазатын  
Бұл дәурен, енді айналып келмес құрбым [6, 165].

Фольклорлық дастандарға тән дәстүрлі кіріспе тыңдарманға қарата сөз бастау болса, бұл поэма қара өлеңмен сырласудан басталған. Қара өлең – қазақтың жаны мен жүрегі, рухы, қасіреті мен қайғысын, қуанышы мен шаттығын бөлісер сырласы. Қара өлеңмен қазақ болып мұңдасқан лирикалық қаһарман «Мен де кәрі, сен де кәрі», «мен де ескірдім, сен де ескірдің» деп толғанады. «Басынан неше түмен бұлт айналған заманның» зарын төге келе, ел қасіретінің соңын жақсылыққа ұштастыра айтып бермекке ниет еткен ақын баянының шешімі де тосын. Көркем шығарма халықтың арманы мен аңсарын мұрат етеді. Ертегілерде «сөйтіп мұратына жетіпті» деп аяқталатын тұрақты формула бар. Осы тұрғыдан келгенде поэма финалын көркемдік шарттылық, символикалық тұспалдау, метафоралық бейнелеу деп қабылдаймыз.

Халық басына төнген қара бұлттай шерлі заманның бейнесін ақын ұлттық таным-тіршілікке тән бейнелеулермен жырлайды:

...Ысқырып, жылан орап керегені,  
У тамып шаңырақтан төбедегі.  
Көшті ауыл көтеріліп түн ішінде  
Ақ орда адыра қап дөдегелі [6, 166].

Бейбіт тіршілігі астан кестен болып, ауыл осылай көтеріле көшеді. Заманның зобалаңы «жыланның керегені орағаны», «шаңырақтан удың тамғаны» түрінде бейнеленген. Ауылды қызыл әскер келе жатыр деген суыт хабар дүрліктірген. Олардың шошынуы да жайдан жай емес:

Өткен жаз бас көтерер абаданды  
Сол қызыл қойша иіріп сабаған-ды.  
Көктемде шошақ мылтық ақтар шауып,  
Қарайған қара орманын талап алды [6, 167].

Жаратушыға, Еділ анаға сыйынған ауыл құмға сіңіп жоғалады. Атты әскер ауылдың орнын сипап қалады. Иесіз қалған ауылды тінткен қызыл әскер «әруақтай ағараңдаған бір кемпірді» тауып алады. Көшіп кеткен ауылдың жұртында қалған жұмбақ кемпірдің кескін-келбеті ерекше:

Бұрмады әруақ-кемпір бетін бері,  
Ақ тастан қашап қойған секілді өңі.  
Ел қайда? Кімсің өзі? Неге қалдың?  
Бастықтың етпеді әсер жекіргені.

Паң кемпір, бекзат кемпір кереметтей,  
Ол емес, қалбаң қағар ебелектей.  
Ақ мая әсем басып келді міне,  
Басқа ұрған дыр қамшыға елең етпей [6, 168].

Оқиғаның тылсым сырлы сипаты осы жерден бастау алады. Есірген әскер кемпірдің басын шаппақ болғанда, мойнына қылыштары өтпейді. Орыс Иванның қылышы



кеспеген мойынды нән қазақтың қылышы кесіп түседі. Осы жерде тағы бір ерекше көрініс болады:

«Ал, балам, шөліңді бас, қанымды ішіп», –  
Құлады жансыз дене шағыл құшып.  
Сол мезет кесілген бас орынынан  
Аппақ боп, сүт атылды, кәдімгі сүт! [6, 169].

Бұл оқыс жайт қызыл әскерді де шошытады. Олар ауылды тастай қашады.

Поэmanın бірінші бөлімі осы оқиғамен аяқталады. Екінші бөлімде қызыл әскер кеткен соң ауылға қайтып оралған адамдар төрт түлігі аман, шаңырақтары ойрандалмай орнында тұрғанын көріп бір таңданса, бассыз жатқан өлі денені көріп екі таңданады. Бітім-болмысы бөлек, ақ көйлекті кірпияз жан өлерінде қос қолымен төсін жауып, етегін қымтап алыпты.

Оқиғаға тосыннан араласқан жұмбақ сырлы Әруақ-кемпір – үлкен идеялық жүк арқалаған символдық бейне. Сондықтан да автор оны ерекше қалыпта суреттейді. Қылпылдап тұрған өткір қылыштың өтпеуі, қазақ сілтеген қылыштан ғана басы кесілгенде қан орнына сүттің ағуы, елірген қызыл әскерді сол сүттің қуалауы, өліп жатқанда жұмбақ кемпірдің төсін жауып, етегін қымтап алуы, ел жиылып, қабір қазып, жерлемек болғанда отыз кез лақатқа да сыймауы қиял-ғажайыптық оқиғаға ұқсас. Автор сол арқылы жалғасатын өмірді, жақсылықтың бәрібір түбі жеңіске жетерін мезгелендей. Әруақ кемпірдің ақ маясы да осындай символикалық мәнге ие.

Сонымен, кемпірдің мүрдесі отыз кез лақатқа сыймай, елді таң қалған үстіне таңдандырып тұрғанда ақтардың келе жатқан хабары жетеді. Ауыл адамдары қайта дүркірей қашады. Ақтар кеткен соң ауылға оралған адамдар мүрдені де таба алмай қалады.

Осылай біресе ақ әскер, біресе қызыл әскер зобалаң тудырған Қарой ауылының көрген қасіретін паш еткен поэтикалық бейнелеулер поэmanın көркемдік мазмұнын тереңдете түседі. Ақын халық трагедиясын суреттей отырып, ұлт рухының азаттыққа ұмтылысын танытуды мақсат етеді. Зобалаңы көп заманның «некесіз көрде туған сұм ғасыр» болып суреттелуі, қап-қара құмның қан жұтуы халық кешкен қасіретті сезіндіре түсер жолдар. Ақ пен қызылдың ортасында қалған Еділ ана ауылының кейуанасын ақтың оғы жалмаса, шалды қызылдың қылышы турайды. Сол сәтте ғайыптан пайда болғандай ақ маялы кемпір алға түсіп, аман қалған қазақтар сол кемпірге ілесіп, сытылып шыға береді. Ақ маяны көздеген қызыл әскердің аты үркіп, құлап өледі. Халық санасына сіңген киелі ұғымдардың поэтикалық бейнелеу арқылы ақ мая, ақ кемпір, ақ сүт, ақ қара бас аққу, топ қаз болып символдық деталь қызметін атқаруы поэmanın мифопоэтикалық сипатын айқындай түседі. Кие, қасиет – халық рухын сақтаушылар һәм қорғаушы ұғым. Бұл ұғымның өзі жаратылыстың тылсым сырымен, Жаратушының құдыретімен сабақтасады.

Қызыл әскердің оқыстан ажал табуынан да сескенбей еліре ұмтылған «айғыр топтын» көз алдында ақ мая тұра қалып сілкінгенде ақ қара бас қуға айналып сала береді. Соңындағы ауыл адамдары топ қазға айналып, аққуға ілесіп, шашырап, жаңа шығып келе жатқан күн астына қарай ұшып бара жатады... Мұндай мифтік құбылушылық түрлері қазақ ертегілері мен аңыздарында көптеп ұшырасады. Тұрақты мотив десе де болады. Әруаққа сыйынып, одан медеу сұраған ауыл адамдарын сол әруақтар әлемінен келген ана құтқарып, аспан әлеміне алып кетеді.

Мифтік дүниетанымда бұл дүниеден о дүниеге өту де мифтік құбылушылық түрінде түсіндіріледі. Мұның өзі рухтың мәңгіліктігі туралы сенімді аңғартады. Мифтік құбылушылықтың адамның қауіп-қатерден құтылуы мақсатында жүзеге асуына қазақ әпсаналарынан көп мысал келтіре аламыз. Осындай дәстүрлі мифологиялық мотивтің поэтикалық суреттеуге ұласып, көркемдік-идеялық жүк арқалауы көне дүниетаным туындатқан мифологиялық ойлаудың көркемдік ойлауға сабақтасып, пішіндік өзгерістермен рухани игілікке қызмет етуінің көрінісі. Ақын XX ғасыр зобалаңын бағзы дәуірлердегі сеніміне тән суреттеулермен ұштастырады.

«Уақыт пен кеңістік жазушының жазу стилін, дүниені қабылдауын, дүниетанымын қалыптастыра отырып, әлемнің тұтас бейнесін өзінше құру ерекшелігін, көркем

шығарманың ішкі заңдылықтарын айқындайды. Шығарманың композициялық тірегі, көркем бейнелерді суреттеудің ішкі ұйымдастырушысы ретінде де көрінеді», – дейді Ж.Жарылғапов пен Б.Оразова өлеңдегі уақыт пен кеңістікке қатысты зерттеулерінде [11 127]. Ақынның түйсігінде жаңғырған тарихи шындық жалаң баяндау емес. Ол оқиғаны мифке тән мотивтер аясында, бөлекше детальмен бейнелейді. Сөйтіп біздің санамызда тұрақтаған шындықты әсерлі, тың картина етіп ұсынады.

Зұлмат кезеңге тап болған Қарой ауылының адамдарының қазға айналып ақ қара бас қуға ілесіп ұшып кетуі – рухтың қандай қысылтаяңда құтқарылып, ғұмырын жалғастыратынының мысалы. Аспанға ұшу түп негізге оралу, аманат жанның өз тұрағына келуі. Ақ қара бас қудың өзі ерекше киелі, қасиетті құс сипатында ишараланады. Поэмада ақ мая мінген ана рухы ауыл адамдарын осылай құтқарып алады. Өлімді рухтың тәнді тастап шығуы деп түсіндіретін діни таным «аспанға көшу» сюжетіне астар болған. Сәттік алдамшы фәниден мәңгілік ақиқат бақиға қарай құс болып ұшып кету көркемдік ұғымда Қарой ауылы шеңберіне жинақталған ұлттық болмыс жасампаздығының тұспалы. Ақын халықтың қандай қиындықты жеңіп, ұлт ретінде өз ғұмырын жалғастыратынын осылай тұспалдайды.

Әдебиет зерттеушісі Қ.Байтанасова: «Қаламгер – дербес шығармашылық тұлға, әдеби үдеріс бұл ретте өзіндік айқындаушы сапалық қасиетін сақтайды. Жазушының шығармашылық ұстанымы неғұрлым өзгеше, ойлауы, дүниетанымы терең болған сайын, оның суреткер ретінде өмір құбылыстарын көруі әр тарапты бола түседі» [12, 130], – деген пікірі біздің бұл ойымызды дәйектей түспек.

Е.Раушановтың кеңестік тоталитарлық жүйе зардабының халыққа әкелген ауыртпалығын арқау еткен өлеңдерінде өмірбаяндық элементтер бар екенін айтып өткенбіз. Оның әкесі Әбдіжапбар Реушенұлы «халық жауы» деген жаламен сталиндік құғын-сүргінге ұшырап, ұзақ жылдар бойы түрмеде болған. Кейіннен түрмеден әупірімдеп босағанымен туған жерінен жырақта ғұмыр кешкен. Қарттыққа бет бұрғанда Қазақстанға қоныс аударғанымен атақонысы болған Маңғыстауға бара алмаған. Қазіргі Қызылорда облысының Жаңақорған ауданына қарасты ауылда қайтыс болып, сонда жерленген.

Белгілі бір кеңістік аясындағы уақыт шындығы көркем туындының негізгі арқа тірегі екені белгілі. Ақын өлеңдерінің өзегі халық басынан кешкен аласапыранға толы қасіретті кезеңнің хронотопын көркем тұрғыда қалыптайды. М.Бахтин: «Әдеби-көркем хронотопта кеңістіктік және уақыттық белгілердің мағыналық және нақты тұтастықта бірігуі орын алады. Мұндағы уақыт сығымдалады, тығыздалады, көркем көрініске айналады; ал кеңістік шоғырланып уақыттың және сюжеттің қозғалысына тартылады. Уақыттың сипаты кеңістікте ашылады, кеңістік болса уақытпен өлшеніп, танылады» [13, 235], – деген тұжырымымен көркемдік кеңістік пен көркем уақыттың анықтамасын ұсынса, Есенғали өлеңдеріндегі хронотоп ХХ ғасыр басындағы қазақ халқының трагедиялы хронотопын ұсынады.

Ақынның «Әкемнің өлеңінде» [5, 260] туындысында ақын атажұртынан аласталған әкенің туған жерге деген сағынышы жырланады. Замана қыспағына ұшырап шер-көкірек болған әке трагедиясын ақын монолог түрінде жеткізеді:

Алты діни кәлима,  
Күніне алпыс мәрте қайтарып,  
Атыңды айтам, ай, Маңғыстау пір-ием.  
Көк арбада шайқалып,  
Көкем Сыпыра көшкенде  
Көзінен бұл-бұл ұшқан көркем де мұңлы дүнием.

Көлденең жатқан құба шың,  
Сағым да болып тумалық,  
Сағынғанда саған барып құларға.  
Мұнар да мұнар мұнарда,

Өрт алғанда қиясын  
Көтеріп ұшып ұясын,  
Тәуекел деп қойып кеткен тұманға,  
Біз дағы бір адасқан лашын.

Бұл – бір ғана әкенің емес, мыңдаған әкенің зары, шері. 1920-30 жылдардағы аштық пен саяси қуғын-сүргін кесірінен туған жерін амалсыз тастап кеткен босқындар, жазықсыз қудалаудан бой тасалаған қазақтар жат жұртқа тарыдай шашырады. Елі мен жеріне деген сағыныштың зарын тартып әлі күнге дейін жат жерде жүргені қаншама. Қатерге бас тігіп қайта айналып келгені де көп.

...Тыңдар құлақ табылса

Әр қазақта он қазақтың зары бар.

Сағыныш деген – сары нар,

Сары нардың бұйдасын

Ұстатып ұлдың қолына

Түстім хақтың жолына.

Өзі жете алмаған елге ұрпағының жеткенін жанына медеу тұтқан әке атынан айтылған:

Бұлдырықтай сол жетім,

Бұлдырап ұшып жеткенде,

Бұлқынып барып жай табар

Бұл жүректің көрде жатқан егесі, –

деген жолдар туған еліне деген перзенттік парызды өтегеніне, мұратына жеткеніне деген шүкіршілік.

Ақынның «Біздің ауыл» топтама өлеңдерінің «Әңгіме» деген бөлімі атажұртын аңсаған ана сөзінен басталады.

Бекеттің бел жайлауы жоннан әлі,

Созылып Ащыағар сай – ол қалады.

Бейнеуде қойтасы жоқ қорым жатыр,

Бейіті біздің елдің сол болады.

Барармыз бұйрықты күн болғанында,

Тұрар бір сағана там жолдарыңда» –

Тілегі қабыл екен анамыздың,

Мінеки, жатты келіп сол қорымға! [6, 191]

Ата жұртын аңсаған ананың мұраты орындалды. Ақын ана аңсарын айта отырып, өз тағдырын да тілге тиек етеді:

Ел келіп, ескі әңгіме шертілсе онда,

Еліріп Бейнеу желі желпінсе ол да.

Бұл жатқан шынжырбалақ «байдың қызы»,

Ал әкем «халық жауы»,

(Мен кім сонда?) [5, 192].

Кеңестік биліктің содыр саясаты мен сойқан әрекеті тұтастай бір халықта қандай жағдайға ұшыратқаны өлеңдегі мына жолдарға арқау болған:

Ой, босқан, босқан,

Босқан құсалы елім,

Тақырға тары шаштым – мысалы оның.

Тар заман,

Тақыс заман,

Тарғыл заман,

Табылмас перғауыны Мұса ма едің?!

Осы тар заманның, тақыс заманның кесірінен атажұртынан ажыраған ел аяғы жеткен жерге кетті. Енді сол жақтан қайта оралуы да бір тарих. Отанынан жырақ кеткен шер көкірек қазақтың бар арман-мұраты – туған жердің топырағына жету болды.



Кеңестік саясаттың кесапаты адам тағдырын осындай тәлкекке салды. Атамекеннің қазақ үшін қаншалық қымбат екенін қазақ қана білер. Атамекен, туған жер – қазақтың жаны, жүрегі. Сондықтан да ақын:

Менің ата мекенім – менің жаным,  
Жаныма жара түссе, көңіл жарым.  
Жеткізіп бір кісідей айта алмадым,  
Білсем де мың кісідей оның зарын [5, 192] –  
деп жырлайды.

Е.Раушановтың поэзиясында кеңестік әпербақан саясат салдарының ащы шындығы тың бейнелеу, өзгеше көркемдік тәсілмен нақты, әсерлі, айқын жырланған. Қазақ халқының тарихында болған бұл зұлмат ұрпақ санасында өшпестей болып таңбаланды. Халық басынан өткерген трагедияның ақиқатын осындай поэтикалық қуаты тегеурінді, бейнелеуі айрықша сөз өнері туындылары арқылы біле аламыз.

Ұлт тарихындағы трагедиялы кезең түрлі аспектілердегі зерттеулердің нысанына алынып келеді. Осы жерде «How was the army of the alash state built?» («Алаш мемлекетінің әскері қалай құрылды?») атты бір мақаланы ғана атап кетейік [14]. Ел тағдыры талқыға түскенде алдыңғы көзі ашық, көкірегі ояу азаматтардың күрес жолына түсуі, ел азаттығы жолында өз бастарын қатерге тігуі бұл аталған мақаланың негізгі өзегі. Алаш әскері сапындағы азаматтардың көбі ақын, жазушы, драматург, зерттеуші ретінде қазақ мәдениеті мен әдебиетін жаңа сапаға жеткізгені белгілі. Біз қарастырып, талдау нысанына алған поэтикалық туындылардағы ұлттық сипат уақыт шындығының деректік негіздері жоғарыда аталған зерттеу мақалада бар деуімізге болады.

### **Қорытынды**

Әдебиет – өмір шындығының айнасы. Ол қоғамдық өмір тынысын, адам мен қоғам байланысын арқау ете отырып, ел тарихын көркем тілмен бейнелейді. Адамзат басынан өткен тарихи кезеңдердің тыныс-тіршілігін көркем әдебиет үлгілерінен, оның ішінде поэзиядан айқын танып, сезінеміз. Уақыт шындығы, адам мен қоғам қарым-қатынасы көне дәуірлерден бүгінгі күнге дейінгі өнер туындыларының алтын арқауына айналғаны белгілі. Мақалада талдау нысанына алынған Е.Раушанов өлеңдері мен поэмасындағы уақыт шындығының көріністерін ХХ ғасыр басындағы қазақ ауылына зобалаң тудырған ақ әскер мен қызыл әскердің қанқұйлы әрекетті, қарапайым халықтың басынан кешкен трагедиясын суреттеген поэтикалық туындылар. Ақынның «Біздің ауыл» атты цикл өлеңінде және «Аспанға көшіп кеткен ел» микропоэмасында бұл оқиғалар шынайылықпен, кемел талантқа тән шеберлікпен, тұспалды-астарлы суреттеулермен өте айқын көрінген. Бұл қазақ ауылындағы ойранның елге қаншалықты дүрбелең, қасірет әкелгенін барынша сезіндіреді.

Бұл аталған оқиғалар шындығын дәйектейтін тарихи құжат, деректік және зерттеу еңбектері көп. Талдау барысында бұндай еңбектерден тиісті дәйектер келтіріліп, өмір шындығының көркемдік шындық кеңістігіндегі суреттемелері туралы ой қорытылды.

Ақын Есенғали Раушановтың кеңестік тоталитарлық жүйе шындығын арқау етуінің бір себебі – оның әулетінің осы кезеңде жаламен репрессияға ұшырауы деген дәлелді ұсынсақ, бірегей себебі – кеңес идеологиясының халық тарихындағы ең трагедиялы кезең болуы. Ол ұлт ақыны ретінде кеңестік қанқұйлы саясаттың қазақ халқы тарихындағы қанды ізін, санадағы өшпес қасіретті таңбасын көркем тілмен бейнелей білді. Бұл тақырыптағы туындылар ұлттық әдебиеттің мазмұны терең, поэтикалық қуаты жоғары мұрасы болып саналары анық.

### **Мүдделер қақтығысы**

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

## Әдебиеттер тізімі

1. Есенжанов Х. Жүнісовтер трагедиясы. Роман. – Алматы: «Жазушы», 1990. – 317 б.
2. Мұртаза Ш. Ай мен Айша. Роман. – Алматы: «Жазушы», 2020. – 288 б.
3. Әбдік Т. Тұғыр мен ғұмыр. Хикаят /Кітапта: Әбдік Т. Парасат майданы: хикаяттар, әңгімелер. – Астана: Фолиант, 2023. – 336 б.
4. Елубай С. Ақ боз үй: роман-трилогия. – Алматы: Атамұра, 2008. – 520 б.
5. Раушанов Е. Бозаңға біткен боз жусан. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Раритет, 2006. – 384 б.
6. Раушанов Е. Амал деген айыңыз. Шығармалар жинағы. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 2017. – 224 б.
7. Қуандық Е.С. Қазақстандағы «Кіші Октябрь» қасіреті. – Алматы: «Дәуір» баспаханасы, 2002. – 208 б.
8. Қазақстанның қазіргі заман тарихы бойынша хрестоматия (1917 – 1939). 1-том. /Ред. басқарған Қ.С.Қаражан. – Алматы: «Қазақ университеті», 2007 – 336 б.
9. «Қазақ» газеті. 1918 жыл және басылым туралы. №262, 1918. – Алматы: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2023. – 440 б.
10. Шоқай М. Автономиядан – тәуелсіздікке/Кітапта: Шоқай М. Таңдамалы. I том. – Алматы: Қайнар, 1998. – 512 б.
11. Жарылғапов Ж., Оразова Б. Қасым Аманжолов поэзиясындағы көркемдік кеңістік пен уақыт // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2021. – №3 (103). – Б. 126-131
12. Байтанасова Қ. Көркем шығармадағы бейнелілік призмасы // Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2023. – №1(142). – Б. 126-133
13. Бахтин М. Вопросы литературы и эстетики. – Москва: Художественная литература, 1975. – 504 с.
14. Zhussip S., Qamzabekuly D., Syzdykov S, Kemengger K., Maslov Kh. How was the army of the alash state built?// Journal of the National Academy of Legal Sciences of Ukraine, – 2021. – 28(3). – Pp. 85–96. DOI: [https://doi.org/10.37635/jnalsu.28\(3\).2021.85-96](https://doi.org/10.37635/jnalsu.28(3).2021.85-96)

### Zh.A. Aimukhambet

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

#### The fate of the Kazakh aul in poetry at the beginning of the 20th century (based on Yessengali Raushanov's poetry)

**Abstract.** It is obvious that due to the Soviet policy, the Kazakh people were faced with a great disaster, the consequences of which continued for a century. At the beginning of the XX century, the aggressive policy of the Soviet government began to arrest educated and progressive people of the Kazakh nation, raising false accusations with false slander that they were “enemies of the people”, and terrorized the Kazakh steppe, leaving an indelible mark on the minds of people. Such a tragic period in the history of the country became a constant motif of many literary works. There are novels, stories, poems and dramatic works written on this subject. Among these works we can note the poetry of the Kazakh classical poet Essengali Raushanov. The article focuses on the poet's works and analyzes the description of the fate of the Kazakh auls (village) at the beginning of the XX century in the cycle of poems “Kazakh Aul” and the poem “Aspanga koshyp ketken el” (Country that has moved into the sky). By analyzing these works, the questions about how the fate of the Kazakh country was reflected in this tragic period in the poet's poetry, and how the poet expressed the sadness and grief of the country were answered. The plight of the Kazakh auls plundered by both the White and Red Armies has been considered in a combination of historical and artistic realities. The methods of comparison, induction and deduction have been used to study the topic. According to the requirements of the study, conclusions have been formulated and drawn.

**Key words:** «the whites» and «the reds», Soviet ideology, Kazakh aul, fate of the people, depiction

**Ж.А. Аймұхамбет**

*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

### **Изображение в поэзии судьбы казахского аула начала XX века (на примере поэзии Есенгали Раушанова)**

**Аннотация.** Многие последствия советской политики стали глубоко трагичными для казахского народа и длились долгие десятилетия. Представители передовой образованной казахской интеллигенции в начале XX века бесосновательно были оклеветаны, объявлены «врагами народа» и подверглись жесточайшему наказанию, а агрессивная политика советской власти, приведшая казахскую степь к голоду и разрухе, оставила неизгладимый след в сознании народа. Этот горестный период истории нашей страны стал постоянным лейтмотивом произведений художественной литературы. В рамках этой темы были написаны романы, повести, поэмы, драмы. Среди них особого внимания заслуживают произведения классика казахской поэзии Есенгали Раушанова, которые являются объектом данного исследования. В работе изучается цикл стихотворений автора «Казахский аул» и отображение судьбы казахского аула начала XX века в его поэме «Аспанға көшіп кеткен ел» («Народ, перекочевавший на небо»). На основе анализа описывается, как отражен этот драматичный период судьбы казахского народа в поэзии автора, как передает поэт боль и горе людей. Тяжелое положение народа, попеременно подвергавшегося грабежу и насилию со стороны как «белой», так и «красной» армии, рассматривается в органическом сочетании художественной и исторической действительности. В ходе исследования использовались сравнительный метод, индукция и дедукция. В соответствии с требованиями, предъявляемыми к исследованиям, сделаны обобщения и выводы.

**Ключевые слова:** «белые» и «красные», советская идеология, казахский аул, судьба народа, изображение.

### **References**

1. Yessenzhanov Kh. Zhunissovтар tragediyasy [The Tragedy of the Zhunusovs]. Novel (Zhazushy, Almaty, 1990, 317 p.) [in Kazakh]
2. Murtaza Sh. Ai men Aisha [Ai and Aisha]. Novel. (Zhazushy, Almaty, 2020, 288 p.) [in Kazakh]
3. Abdik T. Tugyr men Gumyr [The Pedestal and Faith]. Story. In: Abdik T. Parasat maidany: hikayattar, angimeler [Front of reason: stories] (Foliant, Astana, 2023, 336 p.) [in Kazakh]
4. Yelubai S. Ak boz ui: roman-trilogiya [White Home: book series] (Atamura, Almaty, 2008, 520 p.) [in Kazakh]
5. Raushanov Ye. Bozanga bitken boz zhussan [Artemisia among the Stipa]. Poems (Raritet, Almaty, 2006, 384 p.) [in Kazakh]
6. Raushanov Ye. Amal degen ainyz [The Month of Amal]. Collection of Works (Zhazushy, Almaty, 2017, 224 p.) [in Kazakh]
7. Kuandyk Ye.S. Kazakstandagy «Kishi Oktyabr» kasireti [The tragedy of “Little October” in Kazakhstan] (Daur, Almaty, 2002, 208 p.) [in Kazakh]
8. Kazakstannyn kazirgi zaman tarihy boiynsha hrestomatiya (1917 – 1939) [Anthology on the modern history of Kazakhstan (1917 – 1939)]. Volume 1. Eds. K.S.Karazhan (Kazakh University, Almaty, 2007, 336 p.) [in Kazakh]
9. Kazak Gazeti. 1918 zhyl zhane basylym turaly. №262, 1918 [‘The Kazakh’ Newspaper. The year 1918 and publication, №262, 1918] (Alashorda Public Fund, Almaty, 2023, 440 p.) [in Kazakh]
10. Shokai M. Avtonomiadan – tauelsizdikke [From autonomy to independence]. In: Shokai M. Selected Works. Vol. I (Kainar, Almaty, 1998, 512 p.) [in Kazakh]
11. Zharylgapov Zh., Orazova B. Kasym Amanzholov poeziyasindagy korkemdik kenicktik pen uakyt [Artistic space and time in the poetry of Kassym Amanzholov, Bulletin of Karaganda University. Philology Series, №3 (103), 126-131 (2021) [in Kazakh]

12. Baitanassova K. Korkem shygarmadagy beinelilik prizmasy [The prism of imagery in a work of art, Bulletin of L.N. Gumilyov ENU. Philology Series, №1(142), 126-133 (2023) [in Kazakh]

13. Bakhtin M. Voprosy literatury i estetiki [Questions of literature and aesthetics] (Belletristics, Moscow, 1975, 504 p.) [in Kazakh]

14. Zhussip S., Qamzabekuly D., Syzdykov S, Kemengger K., Maslov Kh. How was the army of the alash state built?// Journal of the National Academy of Legal Sciences of Ukraine, – 2021, 28(3), Pp. 85–96. DOI: [https://doi.org/10.37635/jnalsu.28\(3\).2021.85-96](https://doi.org/10.37635/jnalsu.28(3).2021.85-96)

#### **Автор туралы мәлімет:**

**Аймұхамбет Ж.Ә.** – филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: [a\\_zhanat@mail.ru](mailto:a_zhanat@mail.ru), ORCID: 0000-0002-7061-3000.

**Аймұхамбет Ж.А.** – доктор филологических наук, профессор, Евразийский национальный университет им.Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: [a\\_zhanat@mail.ru](mailto:a_zhanat@mail.ru), ORCID: 0000-0002-7061-3000.

**Aimukhambet Zh.A.** – Doctor of Philology, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: [a\\_zhanat@mail.ru](mailto:a_zhanat@mail.ru), ORCID: 0000-0002-7061-3000.



**Copyright:** © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).